



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы «23» сәуір

№ 172-0

«23» апрель 2025 года

Мектеп бітіру емтихандарынан босату туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 144/2 қаулысымен бекітілген «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереженің 24-тармағының 10) тармақшасын басшылыққа ала отырып, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Павлодар, Екібастұз қалалары медициналық ұйымдарының бірінші басшылары, «Ақсу қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМҚ директоры, аудандық ауруханалардың өкілдері - аудандардағы денсаулық сақтау басқармасының өкілдері бекітілген аурулар тізбесіне сәйкес оқушыларды емтихандардан босатуды қамтамасыз етсін.

2. 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанға дейін мектеп бітіру және ауыстыру емтихандарынан босату туралы қорытындыларды дәрігерлік-бақылау комиссияларына (ДБК) облыстың келесі емдеу-профилактикалық ұйымдарына беруге рұқсат етілсін:

Г. Сұлтанов атындағы облыстық аурухана, облыстық балалар ауруханасы, облыстық фтизиопульмонологиялық орталық, облыстық онкологиялық диспансер, облыстық психикалық денсаулық орталығы, Екібастұз аймағы бойынша психоневрологиялық бөлімше, Екібастұз қаласының № 1 қалалық ауруханасының тері-венерологиялық бөлімшесі, «Павлодар теміржол ауруханасы», Павлодар қаласының № 3, № 5 емханалары, «Viamedis Pavlodar» ЖШС, «Мед-С» ЖШС, «Bass & K» МО, «РАХИМ-А» ЖШС, «МедПроект-ПВ» ЖШС, «Омир ПВ» ЖШС, Danelclinic ЖШС, «Mediker Yertis» ЖШС, «Poliklinika № 1» ЖШС, «Almaz Medical Group» ЖШС, «Евразия» ЖШС, «VitaClinic» ЖШС, «Дисконт» ӨО, «Отбасылық медицина клиникасы» ЖШС, Екібастұз қаласының № 2, 3 емханасы, Павлодар ауданы, Ақсу қаласы емханасы, Ертіс, Шарбақты, Баянауыл, Ақтоғай, Железин, Тереңкөл, Аққулы, Май, Успен аудандық ауруханалары.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау облыс денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары А.М.Мұқышеваға жүктелсін.

Негіздеме: «Павлодар облысының білім беру басқармасы» ММ басшысының орынбасары Г.Башированың 22.04.25 жылғы № 4-03/1522 хаты.

Басқарма басшысының м.а.

А.Мұқышева

Орын. Муслимова А. 320035

